



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№36-37

(816-817)

25 қыркүйек

2020 жыл

ЖЕЛГЕ ҰШҚАН



ҚҰЛАҒАН СПОРТ КЕШЕНІ

Шонжы
ауылы,
Алматы
облысы

1 000 000 000 БӨЛІНГЕН ЕДІ...

ШЕНЕУНІКТЕР БҮЙ ДЕЙДІ

Шухрат НУРАХУНОВ,
Ұйғыр ауданының әкімі:

«Қазір шешімді көреміз. Кінәлілерді анықтаймыз. Комиссия шешіміне қарап, есебі дұрыс емес пе, әлде құрылысшылардың кінәсі ме, оны да анықтау керек. Әрі қарай заң аясында шешім қабылдаймыз».

Еркебұлан ОСМАНБАЕВ,
Алматы облысы әкімдігі құрылыс
басқармасы басшысының орынбасары:

«Құрылыс кезінде адам факторы деген болады. Біреу болтын дұрыстап бұрамаған сияқты. Сондай бір жағдайлар болуы мүмкін. Түгел құлап қалған жоқ. Кішкене жері құлады. Қазір төбесін қалпына келтіріп, жылдың аяғына дейін жоспарға сәйкес пайдалануға береміз деп отырмыз».

КЕСЕЛ

«БЛОГЕР-БОПСАГЕРЛЕР»

Адамнан айла асқан ба? Жеңіл жолмен ақша табу үшін кейбіреулер кісінің қиялы жетпейтін «сценарий» құрастыруға ойысыпты. Ондай «сценарийді» киногерлердің өзі қомақты қаламақыға жаздыра алмайтын шығар. Жуырда Түркістан облысында өздерін «блогерміз» деп таныстырып, бопсалаумен ақша тауып жүрген ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесілді. Алаяқтардың құрған тұзағына 17 адам түскен. Олар – жергілікті тұрғындар мен кәсіпкерлер.



Түркістан облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманбек Сахов оқиғаға мынадай түсініктеме берді: «Біз аудандық және облыстық полицияның үздік қызметкерлерінен арнайы жедел-тергеу тобын құрдық. Сотқа дейінгі барлық қажетті жедел және тергеу іс-шаралары жүргізілді. Жеткілікті дәлел жинақталды, қылмыскерлер ақша алу кезінде ұсталды».

(Жалғасы 3-бетте)

ӨЗЕКТІ

Мәжіліс депутаты Меруерт Қазбекова «Ақ жол» фракциясының атынан экология және денсаулық сақтау министрліктеріне депутаттық сауал жолдады. Ол Мәжіліс медицина қалдықтарының қоршаған орта мен адам өміріне тигізетін қауіпін ескертті.

ҚАЛДЫҚ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ



Оның сөзіне қарағанда, COVID-19-ға шалдыққандарды емдеу кезінде пайдаланылған медициналық мекемелерден шыққан қалдықтар (қорғаныс киімдер, шприц, бинт) ерекше қауіп төндіреді. «Әлемдік тәжірибеде медициналық қалдықтарды жою үшін өрттеу немесе автоклавтау тәртібі іске асырылады. Қазақстанда негізінен өрттеу тәсілі қолданылып келеді. Алайда аталған қызметке



қатысты бірыңғай талаптар мен тарифтердің болмауы алаңдатады», — деді депутат.

Сонымен қатар ол бұл қалдықтарды бақылаусыз шығару оқиғалары кездесіп жатқанын сөз етті. Мұндай іс-қимылдар тұрғындар үшін қауіп төндіретіні анық.

«Медициналық қалдықтар да қауіпті екенін түсінікті, себебі оларда вирус тасымалдайтын бірнеше адамның биоматериалы жиналады. Осыған байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы Денсаулық сақтау және Экология министрліктерін келіп жатқан мәліметтерді тексеруді сұрайды. Бұл тұрғыда осы саланы ретке келтіріп, қауіпті медициналық қалдықтарды тасымалдау мен жою талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту керек», — делі М.Қазбекова.

Белгілі болғандай, «Ақ жол» депутаттық фракциясы өз тарапынан заңнамаға тиісті түзетулер енгізу бойынша бастама жасауға дайын.

БОЯМАСЫЗ БОЛМЫС

Арбакеш қыз:

ӘНІМДІ ЕСЕГІМ ТЫҢДАЙДЫ



(Бұл туралы 6-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
41,45

DOLLAR
424,83

EURO
497,71

РУБЛЬ
5,55

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Тримердің
«заһармандары»

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясында сөз сөйлеп, ғаламдық қауымдастық алдында тұрған іргелі міндеттерге тоқталды. Президенттің БҰҰ-дағы жалпысаяси дебат барысында бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қамтыған пайымды пікір мен ұтымды ұсыныстарының бірқатарын оқырманға ұсынып отырмыз.

халықаралық қоғамдастық аталған бағытта бұдан да көп шара қабылдауы керек.

Біріншіден, денсаулық сақтау ісінің қуатты жаһандық жүйесін құру мақсатында дамыған елдер мен БҰҰ агенттіктерінің уақтылы және үйлесімді қолдауы арқылы дамушы елдердің медициналық мекемелеріндегі ұлттық институттарды жаңғыртуға басымдық беру қажет.

Екіншіден, COVID-19 індетіне қарсы вакцина әзірлеу мәселесін саясиландыруға жол бермеу керек. Аталған маңызды мәселеде инвестиция және сауда жөніндегі жан-жақты

**ЭКОНОМИКАНЫ
САУЫҚТЫРУ – ӨЗЕКТІ
МІНДЕТ**

Жаһандық экономиканы қалпына келтіру үшін келісілген шараларды шұғыл қабылдау қажет. Мен Бас хатшының әлемдік экономиканың 10 пайызын құрайтын ынталандыру жөніндегі шаралар топтамасын жүзеге асыру қажет деген үндеуіне қосыламын. Сонымен қатар оның пандемияға қарсы күрес баршаға бірдей және мол мүмкіндік жасауға бағытталған Жана ғаламдық келісімге негізделуі керек деген пікірін қолдаймын.

Ең кедей елдердің қарыздарын төлеуін тоқтату жөніндегі шаралар әлемдік нарықтағы теріс факторларды азайтуға және түсініксіздікті төмендетуге ықпал етеді деп есептейміз. «Ұлттық денсаулық сақтау ісіне инвестиция салғандардың қарыздарын

**БІЗ ҚАЛАЙТЫН
БОЛАШАҚ**

**КЕСЕЛГЕ
ҚАРСЫ КҮРЕС**

Біз биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының 75 жылдығын аумалы-төкпелі әрі күрделі сын-қатерлерге толы кезеңде атап өтіп отырмыз. Оның ішінде ең бастысы – COVID-19 пандемиясы. Бұл індет жаһандық экономикаға орасан зор зиянын тигізді және соның ауыртпалығынан әлем халқы зардап шегуде. Әлемдегі қазіргі төтенше жағдай денсаулық сақтау жүйесінің бұзылуына, сондай-ақ гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық күйзеліске алып келді. Бұл – біздің беріктігіміз үшін зор сынақ. COVID-19 біздің жіберген қателіктеріміз бен ағаттықтарымызды анық көрсетті. Дағдарысқа қарсы күрес барысында халықаралық ынтымақтастыққа кері әсер еткен сауда протекционизмі мен саяси ұлтшылдықтың артқанын, сондай-ақ «жаһандық тоқыраудың» күшейе түскенін байқалдық.

«Жаңа әлем» парадигмасын құруға байланысты ортақ адамгершілік парызды атқару мәселесін ойлануымыз қажет. Қазіргі таңда адамзат үшін маңызды тарихи өзгеріс жасайтын кез келді деп санаймын. БҰҰ-ның құрылуынан жүз жыл бұрын дүниеге келген қазақтың ұлы ақыны, философ Абай Құнанбайұлы табысты жаһандық ынтымақтастыққа қатысты «Адамзатқа не керек: сүймек, сезбек, кейімек, қарекет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек» деген өзінің формуласын ұсынған болатын. Ақынның бұл ой-пікірін «өзара үйлесімге қол жеткізу үшін адамзатқа сүйіспеншілік, рақымшылық, батыл әрекеттер және байыптылық керек» деп түсінуге болады.

Бұл ретте қазіргі сын-қатерлерге ұжым болып тойтарыс беруге қатысты бірқатар ой-пікірімді ортаға салуға рұқсат етіңіздер. Коронавирус індеті жаппай тарала бастағаннан кейін БҰҰ-ның түрлі қорлары мен бағдарламалары дағдарысқа қарсы тұру үшін дереу жұмылдырылды. Дегенмен,

халықаралық келісімге қол жеткізу қажет. Бұл жаһандық деңгейдегі вакцина өндірісіне және оны жеткізу барысында логистикалық тасымалдың тиімділігіне септігін тигізеді.

Үшіншіден, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, сондай-ақ пандемияның алдын алу және оған қарсы күрес саласында жекелеген мемлекеттердің әлеуетін арттыру мақсатында Халықаралық медициналық-санитарлық ережелерді қайта қарау қажеттігі туындауы мүмкін.

Төртіншіден, біз БҰҰ аясында Аурулар мен биологиялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі өңірлік орталықтар желісін құру идеясын мұқият зерттеуді ұсынамыз. Қазақстан мұндай орталықтың бірін өз аумағында орналастыруға дайын.

Соңғы әрі аса маңызды мәселе: әлемді жаулаған жаһандық пандемияға байланысты биологиялық қаруды бақылау жүйесін әзірлеу және іске қосу мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр.

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алдында есеп беретін арнайы көпжақты орган – Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құруды ұсынады. Бұл органның қызметі Бактериологиялық (биологиялық) және улы қарудың мол қорын дайындауға, өндіруге тыйым салу және оларды жою туралы 1972 жылғы конвенцияға негізделеді.

жеңілдету» формуласына сәйкес Халықаралық қаржы мекемелері өз жұмыстарына инновациялық шешімдерді белсенді енгізуі керек. Жаһандық дамуы қаржыландыру жөнінде алдағы уақытта өтетін жоғары деңгейдегі кездесуде нақты әрі маңызды шаралар қабылданады деп үміттенемін. Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер (ТШЖЕ) сауда-саттыққа және көлік-логистикалық кешенге зор зиянын тигізген COVID-19 індетінен ауыр зардап шекті.

Осы дамушы елдер тобының қазіргі төрағасы ретінде Қазақстан Вена іс-қимылдар бағдарламасын жүзеге асыруды жандандыру үшін БҰҰ-ның Жол картасын қабылдауды ұсынды. Орнықты дамуын мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдардың онжылдығы аясында атқарылатын бірлескен іс-әрекеттердің бұрынғы қарқынын қайта қалпына келтіру үшін жедел әрі үйлесімді жұмыс жүргізу қажет. Бұл біздің ұрпағымыз үшін алдағы ең маңызды онжылдық болып табылады.

Басты мақсатқа, яғни әлемдегі аштықты толық жоюға қол жеткізуіміз керек. Осыған байланысты біз 2021 жылы Азық-түлік жүйелері жөнінде саммит өткізудің маңыздылығын атап өтеміз. Қазақстанның бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы азық-түлік қорларын құру арқылы ауқымды халықаралық гуманитарлық науқанға өз үлесін қосуға дайын.

Аптаның айтары

Шәкір ХАХАЗОВ,
Мәжіліс депутаты:



«Өткен аптада тұрғындар өздеріне тиесілі емес көлік салығы туралы хабарлама алғанына тағы да күе болдық. Көлік осыдан 10-15 жыл бұрын сатылып кеткен. Бүгінге дейін он шақты иесін ауыстырған. Ал салық туралы хабарлама ең алғашқы иесіне қайта келіп тұр. Нәтижесінде салық мекемелерінің алдында ұзын-сонар кезек. Бұл пандемия кезінде өте қауіпті. Осы жағдайдың жылда қайталана беретіні қынжылтады. Қаржы министрі «жүйелі қызмет орнатылып, мәлімет базасы жасалады» деген еді. Бірақ жағдайдың оңалатын түрі жоқ. Осы мәселе қалайда шешімін табуы тиіс».

Кесте

ҚЫР АСҚАН ҚАРЖЫ
(қаңтар-шілде)



Елдер	2019 (млрд теңге)	2020 (млрд теңге)
Ресей	116,9	107,6
Өзбекстан	72,1	79,6
Қырғызстан	43,4	77,0
Түркия	47,0	62,3
Қытай	18,3	13,8
Әзірбайжан	7,5	7,7
Тәжікстан	7,2	5,8

Дереккөзі: Ұлттық банк

Әлеумет.т⁰



ҚЫЗДАР ТӨБЕЛЕСІ

Бәрі де уатсаптағы жазбадан басталған. Жасөспірім қыздар бір-біріне сөзді оқша боратыпты. Іштегі өкпе мен ызаны сөзбен айтса, адамның ашуы қайтады деуші еді. Жок, оған желінің шамасы келмейді екен. Әлгі қыздар онлайн-шәпілдесуді былай қойып, жүздесуді жөн көріпті. Содан басталды дейсін. Бір қыз жүр, етегіне сүрініп. Басында орамал. Жерде домалап жатқан қызды шіреніп тұрып тебеді. Шашынан тартады. Тағы біреулері жабылып төмпештейді.

Бұл кино емес. Ақтөбе облысындағы ауылдардың бірінде болған төбелес. Триллердің «қаһармандары» – сегізінші сыныпта оқитындар. Қыздар.

«Ішек тартып таң қалдық» десек, өтірік айтқанымыз. Бұған дейін де талай төбелес болған. Жаға жыртғысып, шаш жұлысқан, тепкілескен. Кезінде кішкентай қыздардың құрбысын өлтіріп қойғаны да қоғамға ой салған.

Ал мына оқиға америкалық режиссер Стивен Джилленхолдың «Қыздар төбелесін» еске салды. 2011 жылы жарыққа шыққан фильм болған оқиғаның желісімен түсірілген. Жоғары сыныпта оқитын қыздар құрбысын соккыға жығып, смартфонға бастан-аяқ жазып алады. Бейнежазбаны интернетке салады. Жоғарыда айтылған оқиға да осы фильмнің құлды көшірмесі.Ұрып-соғу, бейнежазбаны әлеуметтік желіге салу. Қазіргі тренд сол. Бейнежазба неғұрлым сорақы болса, соғұрлым көп ұпай жиналады. Бірақ соны ұстаздары көрмейді деді ме... Әлбетте, көрді. Айқай-шу, талқылау басталып кетті. Мұндайда жәбірлеушінің кешірім сұрайтыны белгілі. Бұл да соңғы жылдары үйреншікті әдетке айналды. Біреу бірдене бүлдірсе, кешірім сұраған бейнежазба тарайды. Сонымен «құда да тыныш, құдағи да тыныш». Өтірік көзін сулап, «жанылдым» деп жазадан құтылып кеткендер қаншама. Сол сияқты әлгі қызға да біреу үйретті ме, кім білсін. Жиналыстағы көрініс тағы да желіге салыныпты. Ұрған қыз сұңқылдап кешірім сұрайды. Сөзіне құлақ салайық: «Бәлкім, мен оның аяғына бірдене сұққан шығармын (!). Онда тұрған ештеңе жоқ (!). Ашу үстінде кез келген адам солай жасауы мүмкін. Сондықтан да мен оның шашынан сүйредім (!)... Кешірім сұраймын» т.с.с. Кінәні мойнына алып, өзінше батырсынып тұр.

Сонымен «кино» бітті! Ендігі сценарий бойынша, ұзын етектің әке-шешесі (болса) таяқ жегеннің (ата-анасының) аяғына жығылуы тиіс. Екі жақ мәмілеге келсе, қазанның қақпағы қайта жабылады. Келесі оқиғаға дейін. Уақыт өте еліміздің басқа бір түкпірінде қайталануы мүмкін. Себебі белгілі. Осы кезге дейін мұндайларға қатан жаза қолданылғанын естімеппіз.

Рас, қазір Қылмыстық кодекстің «Бұзақылық» бабы бойынша іс қозғалыпты. Инспекторлар түсіндіру жұмысын бастап кеткен. Ол да дұрыс шығар. Бірақ осы кезге дейін не істеп жүрген? Енді Ақтөбе облысындағы мектептерде науқан жүріп, тәрбие мәселесі майшамен қаралатынына шүбә жоқ. Айтпақшы, әлгі қыздар оқитын мектептің директоры қызметінен кетті. Оның орнына келген адам біразаға дейін белсенді жұмыс істеп, жағдай тұрақтанған соң бәрі де «таз қалпына түсетіні» сөзсіз. Қыздар да түк болмағандай оқуын жалғастыра берер. Ендігі сауал «Олар осы оқиғадан қандай сабақ алды, жүрегіндегі қатыгездік тоңы жиі ме?» дегенге кеп тіреледі.

Гүлнар АХМЕТОВА

Үш анық

1. Мемлекеттік қызметкерлерге сыйлық алуға тыйым салынды



2. Алматыға таксимен 1 келі есірткі әкеле жатқан жамбылдық азамат ұсталды



3. Маңғыстау облысында 16 жасында жоғалып кеткен қыз 8 жылдан соң табылды



**Жедел
сұхбат**

Сыбайлас деген жақсы сөз емес. Құраққа түрпідей тиеді. «Біреумен сыбайлас болыпты» деген сөздің әуелдегі мәні қалай еді? Қазір ше? Бұрынғысын қайдам, қазіргісі сорақы. «Сыбайласты» біз паракорлыққа қатысты айтып жүрміз. Тіпті ұғымымызда да солай қалыптасты. Бүгінгі әңгіменің не туралы болатынын бірден сөзген шығарсыздар. Кейіпкеріміз - жемқорлық тақырыбын жетік білетін маман.

Jas qazaq: Омархан аға, өзіңіз жемқорлық тақырыбын жетік білесіз. Қаржы саясатын басқару жүйесінде жұмыс істедіңіз. Елімізде паракорлық көбейді ме, әлде азайды ма? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің деректеріне қарасак, күн сайын жемқорлыққа қатысты жана дерек естиміз. Біріншісі екіншісінен асып түседі.

О.Әксікбаев: Қазір мемлекет үшін де, қоғам үшін де ең сорақы, ең өкінішті жағдай осы — паракорлық болып тұр. Жемқорлық барлық саланы жайлап алды. Қоғам дертіне айналған паракорлық азайған жоқ. Мұның бір себебі, әсіресе,

сөз бар. Жемқорлық деген індет біздің бойға батпандап кіріп алды. Енді мұның шығуы өте қиын болатыны анық. Мемлекеттік қызметкерлердің арасында паракорлықтың өршіп тұруының бір себебі бар. Бүгінгі нарықпен, өмір сүру көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде айтканда, мемлекеттік қызметкерлердің алатын еңбекақысы аз. Олардың жұмысы, жүріс-тұрысы, шығыны көп. Ал айлықтары сол шығынды жабуға жете бермеуі мүмкін. Олар пара алуға осындай себептермен баруы мүмкін. Бірақ осы сөзіммен ешкімді ақтап отырған жоқпын. Бұл бір ғана себебі дегенді айтқым келген.

жұмыс істемейді, сондықтан оны жауапкершілікке тарта алмаймыз» дегенді жиі естиміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікке бір ұсыныс енгізсек деп айтып жүрмін, басқа жұмысқа ауысқан адамдарды жауапқа тартатындай заңға өзгеріс қажет.

Jas qazaq: Елімізде түрлі бағдарламалар мен жобаларға миллиардтаған қаржы бөлінеді. Бірақ ақша орындаушыға жетпейді. Орта жолда талан-таражға түседі. Қаржының орынды жұмсалудың бақылау мен қалағалаудың тиімді жолы қандай?

О.Әксікбаев: Қаржы жоғары жақтан бөліне сала талан-таражға түсіп кетеді деу қате пікір. Қаржы толық бөлінеді, баратын жеріне де толық жетеді. Бұл жердегі әңгіме

Омархан ӘКСІКБАЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«МЕМЛЕКЕТТІҢ БІР ТАЛ ШЕГЕСІ СЕНІКІ ҒАНА ЕМЕС, МЕНІКІ ДЕЙТІН ЖАНАШЫРЛЫҚ БОЛМАЙ»...



мемлекеттік қызметке кездейсоқ адамдардың келуінен дер едім. Кездейсоқ келген адамнан не күтесіз? Ондай жандар пара ала да, бере де алады. Мемлекеттік қызметке келген адам «аспаннан түспеуі» керек. Ол еңбегімен, білім-білігімен көтеріліп жетуі керек.

Жемқорлықпен күрес тек Қазақстан ғана емес, әлемнің басқа да елдері үшін де аса өзекті мәселеге айналып отыр. Біздің елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қарқынды жүріп жатыр деп айта аламын. Тіпті бір сәт босаңсыған емес. Мәселен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізу үшін 1998-2000 жылдары бірқатар заңдық және институционалдық жұмыстар жүйеге қойылды. 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданды. Осы жылдары мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік құрылды. Алғаш рет 1999-2000 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрестің мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі бекітілді. Қазақстан Республикасы Президенті жанында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы және жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша комиссия жұмыс істейді. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі құрылғанын да жақсы білесіздер. Жемқорлықпен күрес құралдары басқа елдермен салыстырғанда, аз уақыт шеңберінде қалыптасып, оны жетілдіру әлі де жалғасып келеді.

Jas qazaq: Жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік мекемелерді жайлап алды. Әкім-қаралардың, жоғары лауазымды шенеуніктердің қомақты параметрлеріне соның айғағы дер едік. Бізде мемлекеттік қызметтегі паракорлықты тыюдың тетігі жеткілікті ме?

О.Әксікбаев: Қазақста «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деген жақсы

Паракорлықты тыюдың тетіктері көп. Ең басты тетігі — мемлекеттік қызметке мемлекетшіл тұлға келу керек. Сонда ғана бұл індеттің беті қайтады. Отанын сүймеген адам еліне, елінің ертеніне жаны ашылмайды. Отанын отбасының мүддесінен биік қойғанда ғана мемлекеттің адал қызметкері бола аласыз. Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету мінезден» депті. Демек біздің әрқайсысымыз ұлтқа, мемлекетке қызмет етуді ақшамен, дүние-мүлікпен қызмет ету керек деп ойламауымыз керек. Мемлекетке қызмет ететін асыл мінез қалыптастырғанда ғана жемқорлық, паракорлық деген індеттен арыла аламыз.

Jas qazaq: ТМД елдеріндегі жемқорлықпен күрес туралы сөз қозғалса, грузин моделі жиі айтылады. Жемқорлықты ауыздықтайтын, оған жол бермейтін қазақтың өз үлгісін жасауға бола ма?

О.Әксікбаев: Әрине, жасауға болады. Біз кімнен кембіз? Қазір бүкіл әлем бойынша паракорлық көрсеткіш ең төмен елдер санатына Малайзия мен Сингапур жатады. Біз, өкінішке қарай, паракорлық өршіп тұрған елдердің қатарындамыз. Тағы да қайталап айтамын, бұл дерттің жалғыз емі — кез келген қызметтегі адамның бойындағы еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін оятып, мемлекетке деген жанашырлық сезімін қалыптастыруымыз керек. Не болса да, отаныма болсын дейтін отаншылдық мүдде басты орында тұруы тиіс. Бірақ біз көп жағдайда жеке басымыздың мүддесін алға шығарып аламыз.

Сосын жемқорлық бойынша тағы бір мәселе бар. Мысалы, көп жағдайда кемшілікке жол берген басшылар жазаға тартылмай, басқа жұмысқа ауысып кетіп жатады. Ол неге басқа жакқа ауысады? Біз оның бұрынғы қылмыстары үшін жауап беретін жағдайды туындатуымыз керек деп ойлаймын. Бізде қазір қайда барсаң: «Ол мұнда

жұмысты орындаушы, яғни тендерді ұтып алған мердігер мекемелердің ұятында болып тұр. Мысалы, арыға бармай-ақ қойыңыз, осы аптадағы ыстығы басылмаған оқиға: Алматы облысының Шонжы ауылындағы қирап қалған спорт сарайы туралы айтсақ та жетеді. Қаржы бөлінген. Бірақ спорт сарайы сапасыз салынған. Неге? Орындаушылар ақшаны жететін жеріне жеткізбеді ме? Әлде мердігерлердің кінәсі ме? Ол әлі анықтала жатыр. Ал мұндай түйткілді шешудің қандай тиімді жолы бар дейсіз ғой? Ақша бөлінді ме? Онда сол қаржыға жасалған жұмыстың сапасын мұқият тексеріп, қабылдап алу керек. Қабылдап алатын мекемедегілердің де ұяты күшті, «балғасы» мықты болу керек. Мемлекеттің бір тал шегесі сенікі ғана емес, менікі деген жанашырлық болмай, қандай жұмыс болсын, таза болмайды.

Jas qazaq: Мемлекеттік қызметшіге құны қандай да болсын сыйлық сыйлауға тыйым салынды. Бірақ біздің қазақ кез келген қызметке сыйлық беруді пара деп емес, көңіл деп қабылдап, дәстүрге айналдырып алғандай. Сыйлық бермесек, ұят сияқты көрінеді. Тіпті пара беру сүйегімізге сіңіп кетті. Мұндай психологиядан қалай арыламыз?

О.Әксікбаев: Алғашқы сұрағыңызда айтқанмын, бұл індетке айналды. Тіпті асқынып тұр. Бірақ мемлекеттік қызметкерлердің бәрі паракор емес. Осыны ашып айту керек. Қазақта: «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген жақсы сөз бар ғой. Бұл да сондай. Бір паракор шенеунік немесе паракор әкім бүкіл жұртты былғап жатыр. Бір жерде бір әкім немесе бір мекеменің басшысы параметр ұсталса, оның дақырты бәрін шарпып кетеді. Соның көлемкесінде басқалар да күйеді. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» деген осы. Әйтпесе, елім деп еміреніп тұрып жұмыс істеп жатқан шенеунік те, әкім де көп. Көптің көз алдында жүрген соң, әкім-қаралардың «ілікке» тез ілініп қалатыны рас. Оны жоққа шығармаймын.

Паракорлық психологиядан арылатын бір жол: әркім өзіне мықты, ісіне сенімді болу керек. Мысалы, қарапайым жұмысшы өзінің білімі мен білігіне сенімді болса, ол қай жерден болса да жұмыс таба алады. Ешкімге пара бермей-ақ өзінің мүмкіндігін толық көрсетіп, кез келген шаруаны дөңгелетіп әкетеді. Ондай маманды жұмысқа қабылдаушы адам, одан пара сұрау тұрмақ, аяғын тартады. Сосын әрбір азамат миын тазарту керек. Жұмысқа ақшамен кіру керек деген ойды миымыздан шайып тастамасақ, бұл дерт басымызды емес, бағымызды байлайды.

Jas qazaq: Уақыт тауып, берген сұхбатыңызға рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

АЛИМЕНТТЕН ҚАШЫП, ЖАЯУ ҚАЛДЫ

Алименттен жалтарып, табысын жасырып жүрген әкелер бізде баршылық. Енді олар баласының алдындағы миллиондаған қарызын көлігінің ақшасымен өтейді. Нұр-Сұлтан мен Алматыдағы жеке сот орындаушылар қашқын әкелердің көлігін тәркілеуге кірісті.

Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылы шыққан Toyota Land Cruiser Prado маркалы көлігі полиция департаменті өкілдері мен куәгерлердің қатысуымен алимент төлеуден қашып жүрген әкеден тәркіленді. Азамат 2019 жылдан бері төлем жасамаған. Нұр-Сұлтандағы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасы басшысының орынбасары Мәдина Жанасәева



«оның баласының алдындағы қарызы 7 млн 450 мың теңге» деп мәлімдеді. Елордалық тұрғын сот орындаушысына айлығының 40 мың теңге екенін көрсететін анықтаманы көрсеткен. Осы орайда М.Жанасәева: «Біз логикаға сүйенсек, 40 мың теңге айлық алатын адамда қымбат көлік қайдан болады? Бұл көліктің нарықтағы құны - 28 млн теңге. Сатылымға қойылып, түскен қаржы арқылы баласының алдындағы қарызы өтеледі. Алимент төлемей жүргендерге уақытылы төлем жасауды ескертеміз», — дейді.

Сондай-ақ Алматыда жеке сот орындаушысы алимент өндіру барысында борышкерлерден куәгерлердің және полиция қызметкерлерінің көзінше Mercedes Benz, Subaru Legacy және Toyota маркалы 4 автокөлікті тәркілеп, айыппұл тұрағына қойды. Бұл туралы қалалық әділет департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді. Олардың алимент бойынша жалпы қарызы — 3 158 153 теңгеге жеткен.

Әділет департаментінің мәліметінше, бағалаушы компаниялар алдымен көліктің құнын шығарады және сол баға бойынша сатылады. Сатылымнан түскен ақша алимент қарызын төлеуге жұмсалады.

Алимент қалайды төленуі керек. Уақытында төлемегендердің дүние-мүлкі тәркіленеді.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Төлеутай РАҚЫМБЕКОВ, сарапшы:

«Біз таң қаламыз. Ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткілікті көлемде өндіреміз. Ал дүкенге кірсеңіз, тіпті сүт, айранға дейін Ресей мен Беларусьтен келеді. Менің ойымша, оның бір себебі салық жүйесінде. Қосымша құн салығын алып тастамайынша, біз ешқашан проблеманы шеше алмаймыз. Егер осының барлығын қолға алатын болсақ, бір жыл, екі жыл демей-ақ қояйын, үш-төрт жылда қойылған талапты орындауға қол жеткізуге болады»



Олег КУРТВАПОВ, астық компаниясының қаржы директоры:

«Қазақстанда бидайдың экспорты қадағаланбайды. Мәселен, біздің ұнымызды тұтынатын Орталық Азия елдеріне отандық бидай да жөнелтіліп жатыр. Соның салдарынан Өзбекстан, Ауғанстан секілді елдер бидай өңдеу кешендерін салып, біздің ұнның өз нарығына кіруіне ылғи кедергі келтіріп отырады. Сондықтан бидайды шетке жөнелту ұн экспортына кедергі келтірмеуі тиіс. Мұны реттейтін уақыт келді»



Аташ ауылы
Маңғыстау облысы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Отандық өнім

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ұзақ мерзімді мұнай суперциклінің аяқталғанын және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін жұмыс істейтін, әртараптандырылған технологиялық экономиканы құрудың маңызды екенін атап өтті. Бүгінгі күні бизнес реформаларды қажет етеді. Осы орайда, отандық медициналық техника өндірісімен айналысатын «KazMedAspar» ЖШС басқарма төрағасы Арыстанбек Жұмағұловтан қазіргідей күрделі кезеңде бизнесті қалай дамытуға болатыны жайында әңгімелеп беруін өтіндік.



Жас qazaq: Арыстанбек Күзенбайұлы, бүкіл жаһанды жайлаған коронавируc пандемиясының салдарынан әлем елдері экономикалық тығырыққа тірелгені белгілі. Пандемия кезені сіздің ұжымның жұмысына қаншалықты әсер етті?
А.Жұмағұлов: Пандемия кезеңінде шетелдік өндірушілердің барлығы дерлік өз жабдықтарын жеткізуден бас тартты.

дайын болмады. Сол себепті, біздің компанияның қызметкерлері таза бөлмеде ғана емес, сонымен қатар коронавируспен ауыратын наукастар жатқан жерде, ковид орталықтары аймақтарында жұмыс істеді. Өз өміріне қауіп төніп тұрса да, олар тәжәжалдан қаймықпай, батылдық танытты, қызметтерін адал атқарды. Оттегі баллондарын алыпсатардың 400-500 мың теңгеден еселеп сатқанын біріміз білеміз. Қазір Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияда ковидтің екінші толқыны басталып кетті. Менің ойымша, алдағы уақытта науқасқа шалдықкандар көбейген күннің өзінде, елімізде оттегімен қамтамасыз ету жағынан қиындық туындамауы керек.

Жас qazaq: Пандемия кезеңіндегі жұмыс жағдайында мамандарға қамқорлық жасалды ма? Қадр тапшылығы болды ма?

ұйымдастырдық. Оттегімен қамтамасыз етуді 18 күнде толығымен аяқтадық.

Біз қызметкерлерімізді қажетті қорғаныс құралдарымен, иммунитетті көтеретін препараттармен толық қамтамасыз еттік. Сондай-ақ сырқаттанған жағдайда оларды дәрі-дәрмек және медициналық көмекпен

қабылдау үшін барынша шара қабылдадық: қызметкерлерімізді тиісті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз еттік, қабылдау бөлмелері өңдеуден өткізіліп тұрды. Біз төрт жылдан бері ультракүлгін сәулелендіргішті қолданамыз, қазір қосымша қондырғы қойдық. Біз тапсырыспен де жұмыс істедік,



жеке клиникада емдеуді қамтамасыз ететінімізге кепілдік берілді.

Бірақ біздің қызметкерлеріміздің ешқайсысы да қиыншылыққа қарамастан, жұмыстан бас тартқан жоқ. Біз бірде-бір қызметкерді қысқартқан жоқпыз.

яғни көзілдірікті тапсырыс берушінің үйіне жеткізіп беруді ұйымдастырдық. Дегенмен тапсырыс беруші офтальмологқа бір рет қабылдауға баруы тиіс. Сондықтан дәрігер үшін де, клиент үшін де қатаң сақтану шарасы қолға алынды. Соның нәтижесінде дәрігерлерімізде де, компания қызметкерлерінде де, клиенттерімізде де ковид жұқтырудың бірде-бір дерегі тіркелген жоқ.

Арыстанбек ЖҰМАҒҰЛОВ,
«KazMedAspar» ЖШС басқарма төрағасы:

ХАЛЫҚҚА САПААЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕРЕК



Өйткені олар бірінші кезекте өз елінің мұқтаждығын өтеді. Сондықтан отандық кәсіпкерлерге үлкен салмақ түсті. Әрі зор жауапкершілік жүктелді. Біздің кәсіпорын осы кезеңде Алматы мен еліміздің басқа қалаларындағы медициналық мекемелерді оттегі жабдықтарымен қамтамасыз етуде ең жоғары қуатта жұмыс істеді. Өкінішке қарай, еліміздің денсаулық сақтау жүйесі бүкіл әлем сияқты індеттің өршуіне

А.Жұмағұлов: Біз Алматының іргесіндегі Боралдай маңындағы мобилді госпиталь құрылысына қатысқан кезде, біздің жұмысшылар жобаны мүмкіндігінше тез аяқтау үшін тәулігіне 16-18 сағат жұмыс істеуге мәжбүр болды. Әрине, біз жұмысшыларға жұмыстан кейін жайлы демалу үшін, қаланың бір шетінен екінші шетіне бармауы үшін толық жағдай жасадық, толыққанды тамақтануын

Керісінше, штатты 150 адамға арттырдық.

Жас qazaq: Сіздер Қазақстан мен Орталық Азия бойынша көзілдірік линзаларын өндіретін жалғыз мекемесіздер. Пандемия кезінде бұл тұрғыда жұмыстарыңыз қандай деңгейде болды? Компания тағы қандай бағыттарда жұмыс істейді?

А.Жұмағұлов: Пандемия кезінде адамдардың біздің өнімге деген сұранысы арта түсті. Олар көзілдірікке арналған линзаға белсенді тапсырыс бере бастады. Біз үшін бұл күтпеген жағдай еді. Қазір біз мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс істейміз және линза өндірісі бойынша екінші желіні іске қосуға дайынбыз. Біз сондай-ақ медициналық мекемелерге арналған «таза бөлмелер», операциялық, реанимациялық бөлімді жабдықтаумен айналысамыз. Еліміз бойынша бірнеше жобаны орындадық. Соның бірі — «СӨБИ» қоры қаржыландырылған қайырымдылық жобасы аясында Алматыдағы №2 балалар

ауруханасын жабдықтадық.

Жас qazaq: Карантин кезінде сіздерде көзді тексерту қиын болды. Үйден шығуға тыйым салынды. Бұл мәселені қалай шештіңіздер?

А. Жұмағұлов: Шынында да, карантин кезінде барлық клиника жабылды. Бірақ біздің қызмет саласына пациенттерді алдын ала жазылым бойынша қабылдауға мүмкіндік берді. Біз оларды қауіпсіз

Жас qazaq: Отандық өндіруші ретінде, сіз үшін Президент Жолдауындағы қандай тұжырым ерекше маңызды деп ойлайсыз?

А.Жұмағұлов: Кеңес заманында біз ішкі нарық үшін ғана емес, экспорт үшін де құнды көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарды жоғалттық. Бүгін біз қолда барымызды сақтауымыз керек. Бізде халық шаруашылығы үшін қажетті өнімді сапалы әрі молынан бере алатын бірегей кәсіпорындар бар. Бірақ біз сол өнімді шетелден сатып алуға тырысамыз. Басқа елдерде жағдай басқаша. Мәселен, Испанияда жеміс-жидек пісіп жатқанда, тұрғындар импортпен келген жеміс-жидекті сатып алмайды, қымбат болса да жергілікті өнімді алады. Неліктен біз өзімізде бар бола тұра, біреудің сиырының сүтін ішуіміз керек? Біз өз елімізде шығатын сүт өнімдерін тұтынып, өзіміздің малдың етін жесеқ, сәйкесінше, еліміздің ауыл шаруашылығы да дамиды. Міне, Мемлекет басшысы осы мәселе туралы жақсы қадап айтты.

«Қазақстандық өнімді сатып ал!» ұстанымы әр қазақстандық үшін ұлттық ұран болуы керек. Біздің кәсіпорындардың жүктемесі туралы қамқорлық министр мен әрбір әкім деңгейінде шешілуі тиіс. Өнімнің үштен екісін шетелден әкелеміз. Бұл көп. Ең бастысы — өндірушілерімізге жұмыс істеуге кедергі жасамау. Отандық өндірушілерді заңды түрде қорғау үшін тиісті шара қарастыру. Президентіміз айтқандай, мен Салық кодексін өзгерту қажеттігімен толық келісемін. Салық отандық өндірушіні, шағын және орта бизнесті тұншықтырмауы тиіс.

Әңгімелескен
Саяхат БОРАНБАЕВ

Ескере жүріңіз!

Табиғи отын – кегілдір газға қолы жетпегендер баллонға сығымдалған пропан, бутан газын ас өзірлеуге, үй жылытуға пайдаланады. Кегілдір отын пайдалану жағынан өте ыңғайлы. Тез тұтанады, таза, көмір мен көң жаққандай түтіндемейді. Былай алып қарағанда, отын ретінде газдың пайдасы теңдессіз. Бірақ кейде оның қатерлі жақтарын жұрт қаперге ала бермейді. Газ жабдықтарына ұқыппен қарамау, қауіпсіздік ережесін сақтамау, адам өміріне және қоршаған ортаға үлкен зиян келтіретіні шындық.

Баллондағы газды сатумен айналысатын ұйымдар өртке қарсы қауіпсіздік ережесін қаншама сақтағанымен, газ сығымдалған баллондар ақаулы болуынан, күннің көзінде көп тұрып, қызуы және тағы басқа себептерден күтпеген жағдай туындайды.

Тұрмыстық газ (*пропан*) — өртке немесе жарылысқа қауіпті. Газ жарылып, өрт тұтану көбіне газ плиталары мен баллондарды дұрыс қолданбаудан шығады. Осыған байланысты, күнделікті өмірде газ жабдықтарын қолдану аясында газ қауіпсіздігінің негізгі ережесін ешқашан естен шығармаған жөн.



Газ жабдықтарын қолданғанда мынаны қаперде ұстау керек:

1) Үйді өз бетінше газдандыруға және газ аспаптары мен баллондарды өз бетінше жөндеуге тыйым салынады;

2) Терезе жабық кезде және түтіндіктерде тартқыш болмаған жағдайда газ аспаптарын пайдалануға тыйым салынады;

3) Газға темір құралдармен соқтықпаныз, ұшқын шығып атылуы мүмкін;

4) Екі қабаттан жоғары тұрғын үйлерде баллондағы сұйытылған газды қолдануға болмайды;

5) Газ тетіктерін ашып, жабатын құралдарды қараусыз қалдырмаңыз. Әсіресе, балалардың қолы тимейтін жерде орналастырған жөн;

6) Тұрғын үйге орталықтандырылған жүйеден газ беру кенет тоқтаған жағдайда, жұмыс істейтін барлық газ құрылғысын дереу өшіріңіз;

7) Табиғи газ бөлме ауасымен араласып, жарылғыш газ концентрациясын туғызады. Бұл газ қоспасы сіріңке, оттық немесе шылымнан ғана емес, сонымен қатар қатты бөлшектердің үйкелісінен пайда болған ұшқыннан да жарылып кетеді. Демек газ жабдығы орнатылатын үй-жай мұқият желдетілуі керек.

Сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуге шарт жасалғаннан кейін ғана газ жабдығын пайдалануға рұқсат етілетіндігін ескертеміз.

Газ жабдығы жарамсыз болған жағдайда, 104 телефоны бойынша қоңырау шалыңыз.

Алматы қаласы
Тұрғын үй саясаты басқармасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Мираc Қарғабай

Фейсбук әлеуметтік желісінде тікелей эфир өткізіп, осы жылдың 8 айында атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқтады. Эфир барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесінде анықталған көптеген дәлел-дәйектерді келтірді. Төменде Мираc Асқарбайұлы көлтірген мәліметтерді ұсынамыз.

Жыл басынан бюджет қаражатын жымқыру дерегі бойынша 59 қылмыс (2019 жылы — 41) анықталған.

Былтырғымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш көбейіп отыр.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесінде мемлекеттік сатып



колғап сатып алуға оларға ешқандай пәрмен берілмеген.

Осы орайда, сыбайлас жемқорлық қылмысын жасап, сот үкімімен

ауылға» бағдарламасы аясында оң қорытынды беру үшін 350 мың теңге алу фактісімен сотты деп танылып, 2,6 млн теңге көлемінде айыппұл түріндегі жаза тағайындалды.

Жетісай аудандық сотының үкімімен Жетісай аудандық полиция бөлімінің участкелік инспекторы Досанәлі Оразбаев қылмыстық істі қысқарту үшін жәбірленушіден 30 мың теңге алу фактісімен сотталып, 750 мың теңге көлемінде айыппұл түріндегі жаза тағайындалды.

Осы жылдан бастап елімізде тұңғыш рет басшылардың кол

ПАРАҚОРДЫҢ БАРАР ЖЕРІ...



астындағы қызметкерлері үшін жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітіліп отыр.

Заңның жаңа редакциясына сәйкес, «бірінші басшының тікелей бағынышты тұлғасына қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен соң, 10 күн ішінде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін отставкаға кетуге міндетті».

Демек аудан әкімі өзінің орынбасарлары, аппарат басшысы, жетекшілік ететін аудандық атқарушы органдардың басшылары, ауыл, кент, ауылдық округтердің әкімдері үшін жауап береді.

Осы Заң талаптарын орындау үшін Түркістан

облысында Кентау қаласының, Келес және Мақтарал аудандарының әкімдері қызметтен кетугі тиіс. Сонымен бірге, Кентау қаласы Ескі Икан ауылының әкімі Х.Мүсілімовке, Келес ауданы Жамбыл ауылдық округ әкімі Б.Құрманәлиевке, Мақтарал ауданы Мақтарал ауылдық округінің әкімі С.Тәтеевке қатысты қылмыстық іс тергелуде.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Түркістан облысы

Кесел

(Басы 1-бетте)

10 ай ішінде қылмыстық топтың әрбір мүшесінің кінәсі толығымен дәлелденді. Төрт адамнан құралған шағын топ алты ай бойы Жетісай мен Мақтарал аудандарында қара ниетін іске асырып келген. Бопсалау және алаяқтық арқылы жеке кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтардың ақшасын алып отырған. Жәбірленушілерге 2 миллион теңгеден астам шығын келтірілгені.



«БЛОГЕР-БОПСАГЕРЛЕР»

Мына қызықты қараныз! Қылмыскерлер өз қызметін заңды етіп көрсету үшін тұтынушылардың құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреспен айналысатын жалған қоғамдық ұйым ашқан. Жалған куәлік пен есімхат жасаған. Сөйтіп жәбірленушілерге өздерін блогер, журналист, зәңгер ретінде таныстырады. Әрқайсысы бір-бір рөлді «сомдаған».

Алаяқтар барлық әрекетті бейнетаспаға түсіріп, «бейнежазбаны әлеуметтік желіде жариялаймыз!» деп қорқыту арқылы ақша талап етіпті. Мысалы, 2019 жылы әлгі төрттік Мақтарал ауданында құрылыс аландарының біріне барған. Содан «құрылыс жұмыстарының сапасы нашар, олқылық көп» деген сылтаумен құрылыс фирмасының басшысынан 500 мың теңге талап етеді. Фирма иесі сұраған ақшасын беріп әрең құтылады.

Тағы бірде, яғни өткен жылдың күзінде экологияны қорғайтын маман кейпіне еніп, жергілікті фирмалардың бірінің кеңсесіне келеді. Директордан ай сайын 100 мың теңге төлеуді талап етеді. Директор да осал емес екен (*өзі таза болса, несіне қорқады?*), Жетісай аудандық полиция бөліміне арыздалады.

Жасалған қылмыстың ауырлығы мен бірегейлігін ескере отырып, қылмысты ашу және тергеуге облыстық криминалдық полиция қызметкерлері мен тергеушілері аудандық полиция қызметкерлеріне көмекке жіберіліпті.

Ақырында блогер мен журналистін кейпіне еніп, жұртты қан-қақсатқандар Қылмыстық кодекстің 262-бабының 1-бөлігі «Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оған басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу», 194-бабы «Қорқытып алушылық» және 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тергеліп, төртеуі де 10 және 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылды.

Жәбірленушілер аты-жөнін көрсетуден, бізге сұхбат беруден бас тартты. Ал Түркістан облысының полициялары азаматтарға қырағы болып, алаяқтардың арбауына түсіп қалудан сақ болуға кеңес береді. Егер де сіз осындай қылмыстың құрбаны немесе куәгері болсаңыз, тез арада полицияға хабарласыңыз.

Мәриям АЙТБАЙ,
Түркістан облысы

Індет

Елдегі Есенбай биыл қаз бақпақ болып қамданған. Несін айтасыз, қара малдан қаз баққан тиімді. Мысалы, сынықмүйіз қара сиырдың көкбақа бұзауын ет алдырып, етке тапсырғанша қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, сақалың ағарады. Екі қыстатып барып ет жинайтын бұзауға қаншама жем-шөп керек. Біздің Арқадағы қазақ өз еңбегін есептей бермейді. Жем-шөптің үстіне екі жылғы еңбегіңді қоссаң, бейнетіңді ақтар ма екен, ақтамас па екен?

Одан құс баққан әлдеқайда тиімді. Бәрін бірдей емес, жем сурап жылап, табалдырықта жатып алатын үйректен гөрі көлшігі мен қазоты шөбі болса, өзге ештеңе тілемейтін қаз баққанға не жетсін?! Оның өзінде де мойны қылтын-қылтын етіп, көк шөпті көпкөрім талғажау ететін қаздың балапанын қарға мен сауысқан алып кете алмайтын қарақанат кезден бастаса, бақташының да керегі жоқ. Анда-санда көз қырынды салып қойсаң болды.

Есепке жүйрік Есенбай Петропавл қаласының іргесіндегі Бескөл құс фабрикасынан ерте көктемде 200 қаздың жұмыртқасын сатып әкелген. Үйінде кішкентай инкубатор жәшігі бар. 200 жұмыртқадан жүзден артық балапан шықты. Салғанда «бісміл» деп салмадың деп әйелі Мәриям шіріген жұмыртқамен мандайынан оксатып тұрып, періп еді. 92-і тірі қалды. Алғашқы қар жауып, қылтаңағы азайып, бөтегесін май басқанда сойып алса, қаншама қаражат. Бірақ сол қаражат биыл бұйырмайтын болып тұр. Төңіректің бәрін құс тұмауы жайлап кетті.

Солтүстік Қазақстан облысында мамандардың есептеуіне қарағанда, 12 мыңнан астам үй құсы әлгі кеселге шалдығып, келмеске кеткен. Бұның өзі анық ақпарат емес. Мал қарай шыққан ауыл адамдары орман-тоғайдың ішінде өліп жатқан қарға, сауысқан, торғай тәрізді құстардың өлексесін жүздеп-мыңдап көріп жүр. Көлдің бетінде сессей қатқан үйрек-қаз қаншама? Тіпті құс төресі аққу мен көгілдірдің де опат болғанын көргендер жағасын ұстап келген.

Солтүстік Қазақстан облысының 13 ауданы карантинге жабылыпты. Таяуда ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровтың арнайы тапсырмасымен Гүлмира Исаева бастаған топ облысқа келіп, жоғары патогенді құс тұмауының таралуына тосқауыл қою үшін қандай кешенді жұмыс атқарылып жатқанын електен өткізіп қайтты.

Біздің елде 2005 жылдан бері құс тұмауы тіркелген емес. Биылғы айтпай келген апат мемлекетіміздің солтүстік өңірін түгелге жуық қамтып отыр. Алдағы уақытта індетке қарсы жұмысты дұрыс үйлестіріп, вакцинация шараларын қапысыз ұйымдастыру керек. Ауру ошақтары анықталған аумақтарда карантин жариялап, құс тұмауының тарап кетпеуіне айрықша мән берген ләзім. Бұл топтың ішінде



эпизоотияға қарсы отрядтың мамандары да бар. Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының 7 ауданының 11 елді мекенінде карантин жарияланған. Одан өзге 6 ауылда індет байқалды. Жедел штаб жұмыс істеуде. Өлген құстарды республикалық арнайы отряд жоюда. Облысқа 873 мың отандық вакцина бөлінген.

СКО әкімі Құмар Ақсақалов: «Құс иелері өтемақысыз қалмайды. Өтемақы нарықтық баға бойынша төленеді. Қазір арнайы комиссия жұмыс істеуде. Құс шаруашылығындағы жұмысшылардың жұмыссыз қалмауы да қарастырылуда. Фабрикаларда жұмыртқа қоры жеткілікті», — делі.

Ал Ақмола облысының алты ауданында үй құстарының жаппай қырылу жағдайы тіркелуде. Соның ішінде, Жарқайын ауданында лабораториялық зерттеулер негізінде құс тұмауы нақты анықталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте мәлім болды.

селолық округіндегі құстардың қырылу себебі лабораториялық зерттеулер арқылы «құс тұмауы» деп нақты анықталып отыр. Әзірге қалған бес аудан бойынша лабораториялық зерттеулер әлі де жүргізілуде. Қазіргі уақытта Жарқайын ауданының бас ветеринарлық санитарлық инспекторы құс тұмауы таралып жатқан селолық округтің әкімінің атына карантин шараларын енгізу туралы ұйғарым жолдады. Селолық әкімнің шешімі шығарылып, қазір ол әділет органында тіркеуден өтуде. Ол тіркелген соң, аумақта карантин енгізілмек. Одан кейін ауру жұқтырған құстарды жинап, республикалық эпизоотикаға қарсы отрядтың мамандары инсинераторларда өртейді. Карантин жарияланатын аудандарда тұмаудың белгісі бар құстар толығымен жойылып, өртеледі. Жою барысында құстардың саны, жасы, түрі көрсетілген хаттамалар толтырылады. Осы құжаттар жойылған құстардың құнын бюджеттен өндіруге негіз болады. Тиісті құжаттар арнаулы комиссияға ұсынылып, құстың нарықтағы

орташа бағасы көлемінде өтемақы белгілейді. Ал ауырмаған құстардың бәріне вакцина егіліп, ветеринар мамандардың бақылауына алынады. Карантин аймағы арнайы блок-бекеттермен қоршалып, оларда эпизоотикаға қарсы шаралар жүргізіледі. Карантин уақыты соңғы ауру құс табылып, жойылғаннан кейін 21 күн өткен соң аяқталады.

Мамандардың айтуынша, құс тұмауын жабайы жыл құстары, атап айтқанда, үйректер,

каздар, қарға, шымшық және барлық су айдынында жүзетін құстар таратады. Үй құстары жабайы жануарлармен

су айдындарында, аландарда, ағаш бұталары мен бидай шашылған жерлерде араласалы. Сондықтан ветеринарлар құс фабрикаларының манында бұта мен талдардың болмауын талап етуде.

Жария етілген мәліметке сүйенсек, Ақмола облысының алты ауданында 7 құс фабрикасы бар. Оларда 6,4 миллион бас құс өсірілуде. Бұл құстарды үй шаруашылығында пайдаланатын құстармен қоса есептегенде, аймақта 7,2 миллион бас құс бар екен. Қазіргі уақытта құс тұмауының алдын алу үшін вакцина қолданылуда. Бурабай, Аршалы, Целиноград аудандарындағы төрт құс фабрикасы ресейлік вакциналарды сатып алып, пайдалануда. Осы күні 1,8 миллион бас құсқа вакцина егілді. Қалған аудандарда да тиісті жұмыстар жүргізілуде. Құс тұмауының алдын алу үшін барлық аудандарда аудан әкімінің орынбасарлары мен мүдделі органдардың мүшелері жұмылдырылған жұмыс топтары құрылып, осы бағытта іске кіріскен. Сонымен бірге ветеринария басқармасының басшысы Базарбай Бұлашев құс тұмауының алдын алу шаралары туралы жан-жақты айтып берді.

Мамандардың айтуына қарағанда, құс тұмауы адамнан адамға жұқпайды, тек ауырған құстан тікелей жұғады. Сондықтан құсты сойғанда, оның етін пайдаланар алдында қорғаныс құралдарын пайдалану керек. Ал құс еті мен одан жасалған өнімдер әбден қайнатылуы немесе қуырылуы керек. Құс етін қалыпты температурала пісіргенде вирус өледі.

Құс тұмауының алдын алу үшін үй құстарының жабайы құстармен қатынасын болдырмай, бөлек қамауда ұстаған жөн. Құс өсіретін шаруашылықтарға құс тұмауы жоқ аймақтардың құстарымен ғана толықтыру ұсынылады. Үй құстарын ұстайтын қораларда міндетті санитариялық жағдайларды — әрдайым тазалауды, зарарсыздандыру шараларын қамтамасыз ету қажет.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы



TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІМІЗ ӨЗІНІҢ АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН ОТБАСЫН АСЫРАП, КҮНДЕЛІКТІ НӘПАҚАСЫН ТАУЫП ОТЫРҒАН ЖАНДАР. ҚОЛ ҚҰСЫРЫП ОТЫРМАЙ, ҚОЛЫНДАҒЫ БАРДЫ ҚАНАҒАТ ЕТІП, ТІРШІЛІК ҚАМЫТЫН СҮЙРЕТІП ЖҮР. ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ ДА ЕРЕКШЕ, АЙНАЛЫСАТЫН КӘСІБІ ДЕ ЕРЕКШЕ. ЕНДЕШЕ, ОСЫ ТӨРТ КЕЙІПКЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР.

Боямасыз болмыс

АРБАКЕШ АҒА

Алматы. Ірі сауда базары. Ығы-жығы адамдардың арасынан көкөніс тиеген арбакеш көзіме бірден түсті. Өйткені көбінесе арба сүйрейтін жігіттер жастау келеді. Ал мына кісінің жасы елуден асқан. Жанына бармас бұрын сырттай біраз бақылап тұрдым. Танқурай тиелген бірнеше қорапты иесінің көлігіне дейін жеткізіп, жүк салғышына салып берді. Ақысын алды да арбасын базардың ішіне қарай қайта сүйреді. Әңгімеге тартпак болып қасына келген сәтімде:

— Аға, боссыз ба? Тапсырыс бар. Мына көкөністерді тиесеніз болады, — деді базардың кіре берісінде тұрған саудагер қыз.
— Көп зат сияқты, 500 теңге төлей ме? — деді арбакеш ағай. Бұл тапсырысын да орындап алсын, қайта клиентінің бірден табылғаны дұрыс емес пе деп біраз кідірдім.
Арбакеш ағай жүгін тиісті орнына жеткізіп беріп, көленке жерге тұра қалды. Жанына барып әңгімені неден бастарымды білмей:

— Ағай, жұмысыңыз ауыр емес пе? Шаршамалыңыз ба? — дедім.
— Жұмыстың ауыр-жеңіліне қарайтын заман емес қой, қызым, — деді бүгінгі заманның тынысын көрсеткендей.
— Менен бірдене сұрағың келіп тұр ма? Біраздан бері манайымда жүрсін, — деп күлімсірей қарасын.
Мамандығымды түсіндіріп, өзі сияқты еңбек адамын іздеп

жүргенімді, сұхбаттасқым келетінін бірден айттым.

— Базардағы арба сүйрейтін адамнан сұхбат алғаның қызық екен, — деді күліп.
Есімі Бекболат екен. Осыдан 5 жыл бұрын Өзбекстаннан көшіп келіпті. «Балаларым ержетіп «жоғары білімді Қазақстанда алғамыз келеді» деген соң Алматыға қоныс аудардық. Алғашында қиындау болды.

Әйелім асханаға еден жуушы болып орналасты. Өзім құрылыста жұмыс істедім. Ұлым мен қызым сырттай оқуға түсіп, қосымша жұмыс істеді. Балаларымыздың есейіп қалған кезінде келгеніміз дұрыс болыпты. Олар да бір жағымызға шығып төртеуіміз төрт жақтан еңбек еттік. Тиын-тебенімізді жинап, Ұзынағаштан жер алып, үй салдық. Қазір ұлым үйленді. Кемпірім немере бағып үйде отыр. Мен жұмыссыз отыра алмайтын адаммын. Құрылыста ауыр болған соң, оны қойдым. Күн суытқанша арба сүйрей тұрамын, күн жылы кезде ақша жиып қалу керек. Қыста бір жерге күзетші болып кіріп алармын», — деп бір ақтарылды.
— Күнделікті табысыңыз қанша?
— Әр күні әрқалай. Шамамен күніне 6-7 мың теңге табамын. Арбаны жалға аламын, базардың алашағы, тамағымды есептемегенде, үйге 4-5 мың теңге апарамын. Кейде одан да көп болып қалады, — деп алаканын ысыклап қойды.
Осы сәтте «Ағай боссыз ба? Заттар бар» — деп бір жігіт жүгіріп келді. Бекболат ағай келесі тапсырысына қарай аяндады. Кетіп бара жатып «Біздің күнделікті жұмыс осы. Мені осы жерден табарсын. Ең бастысы, қандай жұмыс болса да қашпай істеу керек», — деді.

Арбакеш аға келесі тапсырысына қарай бет алды.

«ШӘЙ САТАМ, ШӘЙ САТАМ!»

Базар ішін аралап келе жатырмын. Бір кезде: «Шәй ішкенді білесіндер, ақысын төлейтін кезде танымай қаласындар!» деп айғайлап, термос толы арбасын сүйретіп бір келіншек өтіп бара жатты. Айналасындағыларға кейіп барады. Шәйдің ақшасын сұрап еді, бір-екі саудагер: «кейінірек келші, саудамызды әлі ашпалық» деп теріс қарап отырып алды. Көңіл-күйі түскен келіншек күңкілдей түседі. Киім-кешек сататын саудагер қыздардың қасынан өтіп бара жатыр еді.
— Әлия апай, ыстық шәйініз бар ма? — деді әлгілер.
Апайымыздың жүзі бірден жарқ етсін.
— Шәймен бірге тәтті де алындар, тек ақшасын бірден төлеңдер. Қарыз деген енді жоқ, — деді.
— Жарайды, апай, төлейміз ғой, — деп қыздар апайдың шәйі мен тәттісін алды. Осы кезде менде ол кісінің қасына барып, бір стакан шәй сатып алдым.
— Әлия апай? Есіміңізді қыздардан естіп алдым. Туыс апайым базарда шәй сатқысы келеді. Ол үшін біреуге жолығу керек пе? — деп әңгімеге тарттым.
— Базарда шәй сату онай емес, жұмыс қиын. Төлейтін арендамыз бар. Оның үстіне қасқыр болуын керек! Әйтпесе, ақшанды ала алмай жүресін, — деді.
— Сонда мына шәй, тәттілер сіздікі емес пе? — дедім таңырқаған кейіп танытып.
— Әрине, менікі емес, барлығын арендаға аламын. Жұмыс біткен соң есебін өткіземіз. Шәй сататын апаймен бірге ілесіп, әңгімеге тартып келемін. Сөз арасында «Қай жерденсіз? Бұл жұмысқа қалай келдіңіз? Табыс табуға бола ма?» деген сауалдарымды бірінен кейін бірін қойдым.

Әлия апай жұмыс барысын түсіндіріп берді: «Қызылорданың Төретам деген жерінен боламын. Ауылда жұмыс жоқ. Жолдасым қайтыс болды. Бір ұлым мен енемді алып Алматыға көшіп келдім. Осында атамыздың туыстары тұрады. Соларды жағалап тұрып жатырмыз. Көршіміз осы базарда шәй сатады екен, екі жыл бұрын кіргізді. Базар сыртында асхана бар. Сол жерден барлығын арендаға аламыз. Кешкісін есебін өткізіп, өзімізге тиесілі үлесімізді қанағат етеміз де қайтамыз. Қарызға таратып жіберсең, ақша да аз, сондықтан қолма-қол есептескен дұрыс. Оның үстіне, әр шәй сатушының өз аумағы бар. Өзгенің клиентін алып кету деген жоқ. Таңғы және түскі шәйді таратып шыққаннан кейін сағат төрттің шамасында ақшамызды жинап аламыз. Мұндағы саудагерлердің бәрі таныс. Бірі бірден төлесе, екіншісі ұмыттырып, «өнеміне» деп жүріп алады. Қазір тегін ешнәрсе жоқ қой».

— Ойбуу, сенімен әңгімелесіп кетіппін ғой, жұмысымды жалғастырайын, — деп кетуге ынғайланды. Кетіп бара жатып, «шәй сатқысы келетін апайың сол асханаға келсін, «қозыяқамен» жолықтырайын», — деді менің алғашқы сауалымды есіме түсіріп.

Ал өзі термос толы арбасын сүйретіп әр қарай кетті.

КІТАПҚҰМАРДЫҢ ТАРАЗЫСЫ

Тағы бір ерекше кейіпкерді іздеп келе жатырмын. Базар ішіндегі ығы-жығы адамдардан алыстап, көпір үстіне келдім. Бұл жерде де сауда қызу. Саудагерлер тауарын жерге жайып сатады. Арасында қайыр сұраған тіленшілер де отыр. Бірақ осылардың арасынан ерекше көзіме түскені қолында кітабы бар жігіт. Ол қолындағы кітабын алансыз оқып отыр. Қайыршы деуге келмейді. Өйткені жанында 50 теңге деген жазуы бар таразы тұр. Соған қарағанда салмағын білгісі келген жұрт ақысын беріп, әлгі таразыға өлшенеді. Әлгі жігітті сырттай бақылап біраз тұрдым. Ары-бері өткен адамдардан салмақ өлшетуге деген қызығушылық байқалмады. Ал мен бақылап тұрған жігіт кітабынан бас алмай отыра берді. Соған қарағанда кітапқұмар сияқты. Жанына келіп салмағымды өлшеп, ақшасын бердім. Ол байқар емес. Кітабына үнілген күйі әлі отыр.

— Сіз, бұлай отыра берсеңіз, ақшаныңызды төлемей кете береді ғой, — дедім 50 теңгені қолына беріп жатып.

— Төлемесе мойнына қарыз болады, — деді кітаптан бас алмастан.

— Қандай кітап оқып отырсыз? Мен де кітапқұмар едім, — дедім сөзге тартып.

— Оралхан Бөкей, «Біздің жақта қыс ұзақ». Оқып па едіңіз? Оралханның жазғандары күшті. Оқылғанды, кенес беремін, — деді жымиып.

— Әрине, ол кісінің біраз шығармасын оқыдым. Бірақ мына кітабын кездестірмеппін, — дедім.

— Біздің үйде кітап көп. Әсіресе, бұрынғы авторлардың. Біразын тауыстым. Анам кітап жинағанды жақсы көреді. Әлі күнге оқиды, — деді.

Өзін Арман деп таныстырған жігіттің жасы 36-да екен. Мінезі ашық. Ақкөңіл. Аңғал. Денсаулығына байланысты жұмыс істей алмайды. 3-топтағы мүгедектік бойынша үкіметтен көмек алады. Әйтеуір, жоқтан бар. Арман өзінің жұмысы туралы қысқаша әңгімелеп берді: «Үйдегілерге кішкене болса да пайдам тиісе деймін. Жұмыс істегім-ақ келеді. Бірақ сәл қимылдасам, алқынып қаламын. Мұнда жұмыс істейтін досым бар. Ол осында телефон сатады. Екеуміз Абай ауылынан келеміз. Ол маған таразы сатып алып берді. Кітап оқитынымды жақсы біледі. Әрі кітап оқимын, әрі табыс табамын. Мұнда келгеніме көп болған жоқ. «Осы аумаққа қараймыз» деп бір-екі адам келген, кейін мазаламайтын болды. Бәлкім, саудагерлерді сындырып жүрген шығар. Менің табысыма ортақтасқылары келмеді».

Күнделікті қанша табатынын айтпады. «Бұйырғанын аламын» деп әңгімесін аяқтады. Оқымысты жігіт өзі жайлы сұрағыма ашылып ешнәрсе айтқысы келмеді. Біз әңгімелесіп тұрған кезде салмағын өлшеткендер болмады. Соған қарағанда табысы мардымсыз-ау.

«ӘНІМДІ ЕСЕГІМ ТЫҢДАЙДЫ»

Базар маңынан есек арбаға темір-терсек тиеген адамдарды жиі кездестіретін едік. Олардың кәсібі мен үшін жұмбақ болатын. Өйткені есек жеккендердің көбі нәзік жандылар. Ауыр темір-терсек жиып, оны есек арбаға басып, бір жакқа апарып өткізу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Қалайда осы кәсіптің иесімен сөйлескім келіп, есек жеккен қыздарды іздедім. Ең алдымен, базар маңындағы темір-терсек қабылдайтын қоймаға барып, әлгі қыздарды сұрастырдым. Қоймадағы жігіт: «Есекпен кәсіп етіп жүрген қыздар бар. Көбінесе таңғы ондар шамасында немесе кешкі беске таман келеді. Сөйлесем десеңіз, күтіңіз», — деді. Мен барған уақыт төрттің кезі болатын. Күтуге тура келді. Біраз уақыт өтті. Күткен адам келмеді. Қоймадағы жігітке келгендегі мақсатымды айтып, «Есегімен темір өткізуге келген адам болса, хабарласыңызшы» деп телефон нөмірімді жазып бердім.

Әлгі жігіт бір күннен кейін хабарласып тұр. «Сіз іздеген қыз қазір келді. Есімі — Бакнұр. Қазір темірін өткізіп қайта жолға шығады. Қалқаман жақта кездессеңіз болады. Сіз туралы айтып қойдым», — деді. «Темірді қызған кезінде соғайық» деп айтқан жағына жөнелдім. Есек жеккен қыз мені күтіп тұр екен. Бағнұрмен танысып, мән-жайды түсіндіріп, өзі туралы, кәсібі туралы әңгімелеп беруін өтіндім.

— Бұл кәсіппен айналысқаным екі жылдай уақыт болды, — деп бастады ол әңгімесін. — Нүкістен келгенде сатушы болып жұмыс істеп көрдім. Еден жуып, жалдамалы жұмысқа да шықтым. Бірақ қайда барсаң да ақынды төлемей, басынатындар көп. Ауылға қайтқым келмеді. Бір танысымның әпкесі есекпен металл жинап жұмыс істейді екен. Сол кісі үйретті. Бастапқыда бірге жүретінмін. Қазір өзім жалғыз жүре беремін. Есегіме де бауыр басып қалдым. Таныс біреу-міреу танымасын деп бетімізді тұмшалап аламыз, — жымиды.

— Күніне қанша ақша табасың?
— Көл-көсір ақша таппасам да, өзіме жетеді, — деді күлімсіреп. — Жұмысым өзіме ұнайды. Елшімге тәуелді емеспін. Ақынды да ешкім жемейді. Қанша еңбектенсең, сонша табасын. Тек есегімізге дурыстап қарап, иесіне жалақысын уақыттылы төлесек болғаны.

Бағнұр есегі мен арбасына бір рет барып келуге 1000 теңге төлейді. Ал уақыты жетіп екі «рейс» жасаса, онда қосымша ақы төлейді екен. Өйткені олардың жұмысында белгілі бір шектеу жоқ. Тек жануарды қинап, босқа болдыртуға болмайды. Тапқан табысы да жинаған темір-терсегіне байланысты. Іске жарамай қалған тоназтықшы, кір машина сынды заттардың бөлшектері қымбатқа бағаланады екен. Табысы жинаған затына байланысты.

Жиырма бестен асқан шымыр денелі ару өзінің арманымен де бөлісті. «Негізі ән айтқанды ұнатамын. Мектепте оқып жүргенде концертке жиі қатысушы едім. Осындағы оқу орнының біріне 2 жыл қатарынан тапсырдым. Грантка түсе алмадым. Ақылы бөлімде оқуға шама қайда? Бағасы улай. Сондықтан ғой әр кәсіптің басын бір шалып жүргенім. Әнімді есегім ғана естиді», — деп бір күліп алды.

Қарабазар. Асыққан-аптыққан жұрт. Біреуге біреу қарамайды. Бәрі тіршілік үшін тырбанып жүр. Бізге кездескен төрт адам да осы жерден нәпақасын айырады. Төртеуі төрт түрлі. Илегендері тіршілік деген бір терінің пұшпағы.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Жарқын бейне

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымының докторы, мәмлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, әнші, тележүргізуші Қаракөз СҮЛЕЙМЕНОВА – қазақтың көрнекті қаламгері, әдебиет сыншысы, драматург Асқар Сүлейменов пен жазушы, қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанованың перзенті. Көзін ашқаннан көргені, естіп-түйгені, тәлім-тәрбиесі – ғасырлар қойнауынан осы күндерге үзілмей жеткен ұлттық педагогика.

Ананың тәрбиесі, әкенің ұлағаты және әжелерінің әңгімелері әрқашан ұлтына қызмет етуге жетеледі. Осы кісілердің арқасында төл руханиятымыздың мән-мағынасын ерте ұғынды. Оның бүгінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдері ісі мен демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі болып жүргені де кездейсоқтық емес. Өйткені, Қаракөз ханымның отбасы, шаңырақ құты, тәрбие-тағылым тұрғысында айтары өте көп.

Ол кішкентайынан Айтотым және Мүслима атты кос әжесінің тәрбиесін көріп өсті. Екеуі де текті, парасатты, мінезді және еңбектің адамдары болды. Осы әжелерінің де, елге танымал ата-



анасының да берген тәлімі — «кез келген мақсатқа әртүрлі жолмен жетуге болады, бірақ адал жолмен жету керек» болатын.

«Осы бір адалдық деген қасиет менің маңдайыма бала күніменен балтамен шапқандай белгі болып қалған десем, артық айтқандығым емес. Мен әжелерімнен «бұл – харам, бұның да сұрауы бар, бұл – күнә, обал» дегендерді жөргегімнен сіңіріп өскен баламын», — деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

Жалпы, өмір жолына көлеңкесін түсірген талай жайт болса да, адамдарға, айналаға, жүрген ортасына деген оң көзқарасын жоғалтпай, жүрегін де қарайтпай келе жатқаны осы адалдығы, тазалығы болар. Ол «Егер менен кредон не десе, мен тазалық, адалдық деп жауап берер едім. Бұл жолда, өрине, кос әженің мектебі үлкен рөл атқарды», — дейді.

Екі әжесі де тағдыр тауқыметін, ашаршылық кезеңін де бір кісідей тартқан жандар. Екеуі де діндар болатын. Әжелері қисса, жыр-дастандарды оқытатын. «Еңлік – Кебек», «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» дейсіз бе, әйтеуір сыртты қара қалам кітап болатын. Әр он бетгі оқыған сайын 50 тиын беретін. Ынталандырып қоятыны екен сөйтсе. Оған кішкентай Қаракөз мәз болып, жүгіріп барып балмұздақ алып жейтін. Екінші жағынан, сол қисса-дастандарды үлкендерге оқып беру арқылы өзі де бала жастан ондағы жақсы оқиғаларды бойына сіңіріп, тілі жатық әрі шешен болып өсті. Өнердің әлкісәссы шың мәнінде әкенің қаны мен ананың сүтінен бастау алады ғой. Сондықтан ата-анасының қаламгерлігі де Қаракөздің бітім-болмысына шуағын түсіріп, бойындағы сөз қадірін білетін қасиетін үстемелей түскендей.

Айтотым әжесі өмірімнің мәні ұрпағым деп өткен кісі екен. Үйде үнемі тамақтың буы бүркырап, тәтті бауырсақтың иісі шығып тұруына, шаңырақ жылуы дегендерге үлкен мән берген әйел болған. Қай уақытта да қазаны оттан түспеген. Қазіргідей бәрі дайын дүние жок, қолдан жайылған қамырды дәкеге орап қатырып, етін пісіріп, тоназытқышқа салып қоятын. Сосын қандай мейман келсе де, алдарында ақ дастархан жаюлы тұратын. «Қарағым, Қаракөз, тұрмысқа кетіп барасың, ол – есік, сен бесік көрген баласың, білмей тұрған жерің болса, кешіріммен қарар. Бірақ бізді ұятқа қалдырмайды деп сенеміз», — деп маңдайынан сүйіп шығарып салғаны да есінде. «Би болмасаң да, би түсетін үй бол», — дегенді де жиі қайталайтын.

«Ерін түзден үйге кіріп келе жатқанда, қалай болса солай қарсы алмағын. «Жолай екі-үш келі пияз ала келіші», «айран-сүт бітіп қалыпты» деп, оны асүйдің тірлігіне араластырушы болма. Отбасы болған соң бірде олай, бірде бұлай болады. Айқайлап та жіберуі мүмкін, ренжіп те кіруі мүмкін. Сондай кезде бірден бас салып беттен алып, төске шаппай, алдымен ас-суын беріп болып, сосын бұрын өңгіменіңн шет жағасын шығар, одан ұтпасан, ұтылмайсың деуші еді марқұм», — деп еске алды немересі.

Олар Алматыда Илияс Жансүгіровтың үйінде тұрды. Балалық шағында әжесі Пайғамбарлар туралы, Мекке, қажылық жайында және басынан өткен оқиғалар туралы жиі айтатын.

Айтпақшы, әжесінің кезекті бір әңгімесі Шынғыс Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» туындысына арқау болған.

Жаппай көмексеселеу кезінде Айтотымның да бетіне қарап, семіртіп отырған жалғыз қойын алып қоямыз дегенде, әжесі әлгі қойды жалғыз өзі иығына салып алып, біреудің үйіне дейін көтеріп әкеліп, қашасына иығынан асыра лақтырып жіберген көрінеді. Ал жары Сүлеймен көппен бірге соғысқа кеткен кез. Бір күні күйеуінен «Түркістан стансасының үстімен пәлен күннің шамасында өтемін, сол жерде жолығысып қалайық» деген хабар келеді. Содан Айтотым айтылған күні стансаға келеді. Үш күн, үш түн кірпік ілмей жол тосады. Әбден қалжыраған соң, сәл көз шырымын алмаққа, стансаның жол сілтеушісіне мені оятарсың дейді. Онан да көзі ілініп кеткен екен, ояна кетсе, пойыз рельс үстімен өтіп барады екен, тоқтамаған да. Сүлеймен сыртқа қарай бір түйіндікті тастап үлгереді. Ішінде құлақшын, Асқар ұлына қол сағат және белі буылған, өлең жолдары жазылған көнедеу дәптер, сосын

бір шымшым шәй болған екен. Осы көріністі қырғыздың көрнекті қаламгері Шынғыс Айтматов өзінің айтулы шығармасында қолданған. Ал жазушыға бұл оқиғаны өзара әңгіме барысында Асқар Сүлейменовтің өзі әңгімелеп берген көрінеді.

Асқар Сүлейменовтің көз көрген тұстастары оны білімдар адам болған деп бағалайды. Энциклопедиялық білімі сұмдық болған деседі. Сонында қаншама кітабы, естеліктері, пьесалары қалды. Ол кісі М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтермен үзетілгес жүрген адам. Тіпті Ғабит Мүсірепов Асқар Сүлейменовке «маған сен деп сөйлеуіңе болады» деп рұқсат берген көрінеді. Бұл қаламдас інісінің тұлғатығын сыйлап, шығармашылығының алдында бас игендігінен болар.

Асқар Сүлейменовтің прозалық кітаптары да, драматургиялық шығармалары да ұлттық сананың дамуына қосылған елеулі еңбектер болып табылады. Оның Жазушылар одағының мүшелік билетіндегі лақап аты Торлан болыпты. Торлан — Созақ ауданынан Ащысайға қарай өтетін тау өткеліндегі табиғаты көркем жер. Өзінің болмысындай адуынды ағысы бар өзен, қына басқан бұжыр-бұжыр жартас, ала жаздай

СҮЛЕЙМЕН ӘЛЕМ ДЕМІ

жасыл өңін бермейтін жазық пен Қаратау шоқысы тоқайласқан Торланды қаламгер текке таңдап алмаса керек. Осындай дара тұлға, текті әулеттен тәрбие алған Қаракөздің жаман болуға қакысы да жоқ.

Қаракөз «Әкем балаға, жарына ауыр сөз айтпайтын, мінезі өте жұмсақ, мейірімді адам еді. Барлық нәрсені әзіл-қалжымен, майдалап жеткізетін. «Өмірдің өзі өлімге дайындық, өмір өлімнің алдындағы кіріспе» деген сөздерді әкем жиі айтатын. Адам о дүниеге қалай аттанады, не аркалап кетеді деген ойлар жиі мазалайтын ол кісіні. Жамандық жасаған адамға кек сақтамау, кешіре салу әкемнен дарыған қасиет», — деп еске алады.

Нағашы әжесі Мүслима Қаракөз жиеніне: «Адам құлайдан қорқу керек. Ұйықтар кезде біссіміллә деп иманын айтып жатқаны дұрыс. Кейбіреулер түнде жатқаннан ояныбай қалады, сондай кездерде харам өліп кетпеуі керек. Бұл — адамның иманы», — деп, «Әмәтбіеллә өмәлә икәти...» деп басталатын дұғаны үйреткен. Фатиха, Ықылас сүрелерін де жаттатқан. Қаракөз түнде жатар алдында сол бала күнінен қалыптасып қалған әдетін әлі күнге дейін алып келе жатыр.

«Обал, сауап деген бар, керек десен, құмырсқаны да өлтіруге болмайды. Кешке жатарда ыдыс-аяқты жұмай жатсаң, сайтан аралап кетеді. Ашар есігінді қатты жаппа» сынды сөздерді де нағашы әжесі жиі қайталап отыратын.



Ел жаққа барғанда Мүслима әжесі кішкентай Қаракөзді ылғи жанына ертіп алатын. Ауылдағы ағайын Қайрекеннің бәйбішесі келді деп бәрі бөйек болып, келіндері әдемі құрақ көрпелерін төсеп, үстінде майы қалқып тұратын қымыз ұсынатын. «Атты жасымыда ғой деймін, нағашыларыма, ауылға бардым. Жанбыры жауып тұрды, әлі есімде, қызық көріп жалаң аяқ жерді басып келе жатқамын. Үстімде кішкентай гүлді көйлегім болған, оң жақ бүйірінде ай сияқты ойылған шағын қалтасы бар. Сол көйлегім өзіме қатты ұнайтын, қалтасына әжем берген көмпиттерді салып қоятынмын, сосын шетінен алып, тамсана жеп жүремін. Өзім шаһарда туып, сол қаланың қак ортасында, қар жерді емес, сұр асфальтын аяқ киіммен басып өсіп келе жатқан баламын ғой. Әке-шешем сонда қаланың көз көшесіндей тасбауыр болып кетпесін деп, мені ауылға жиі жіберіп тұрады екен-ау. Сол кездегі жанбырдың жауғаны менің жаныма қатты әсер етті. Ал әкемінің «бұл Алла тағаланың нұры ғой, нұр жауып тұр дегені де әлі жадымда. Сонда менің бала көкірегіме аспаннан, көктен ерекше бір нәрсе жауып тұр деген сезім кеп құйылып еді», — дейді әлп-сәтте көзі жасаурап қалған Қаракөз ханым. Осының бәрі ғұмыр. Әдемі естеліктер. Сол ескірген естеліктер жүректі сағынышқа, тіпті қуанышқа толтыратыны да бар.

Екі әжесі де 90-нан асып, әдемі қартайып көз жұмды. Себебі олар өмір бойы саумал ішкен, тамақты талпап ішкен жандар-тын. Өздері де бертіңге дейін қол қусырып қандар отырмай, ұлттық тағамдарды жиі әзірлеген. Қаракөздің тамақты баппен жасайтыны да осы кісілерден дарыса керек. Бұл тұрғыда анасы Алтыншаштың да Қаракөзді үй жұмысына ерте баулып, «Қызға қырық үйден тыйым» қағидасын бойына жастайынан сіңіреді.

Қаракөз жеті айлық шала, өте әлжуаз болып туыпты. Анасы енді ғана дүние есігін ашқан

бөбегіне омырауын апара берген кезде, нәресте бірден көзін аша қойып, емшекке жармаса кетіпті. «Болды, енді ештеңе етпейді, өлмейді екен» деп қуаныпты сонда шешесі.

4-сыныпта оқып жүргенінде оған анасының еттің қамырын жайғызғаны да есінде. Иә, алғашқысында мамасының көңілінен шықпай қалып, ұрысқан. Бірақ оның қабағынан қаймығып, қамырды жұкалап жаюды екінші сәтінде-ақ үйреніп алған. Әлі есінде, үстел үстіне жабылған дастархан мөлдір, гүлді болатын. Марқұм әжесінің «Менің қызымның жайған нанын қарандаршы, астындағы дастарханнның гүліне шөйін көрініп тұр» деп мақтағаны бар. Етті қазанға баппен мүшелеп салу, қаракесек ет болса сорпасы майлы болу үшін кішкене сүйек қосу, көбігін алып, бүлкілдетіп пісіру сынды әдістерді де әжелерінен үйренген. Тіпті әжесі жылқының ішегін үрлеуді де үйретіпті. Сондай-ақ әзірленген тағамды дастарханға қалай болса солай қоя салмай, реттеп, әдемі ыдысқа салып ұсынууды да бала жасынан үйренді.

Дұрыс істемей қалған жерлерде анасынан шапалақ жеген кездерін де жасырмайды. Қаракөз анасына қарап бой түзеп, әдемі де сәнді киінуді үйренді. Сұлулыққа деген құштарлықты, тағампаздықты үйренді. Қонақжайлылықты, дастархан жасау әдебін үйренді. «Кейбір әйелдер

болады ғой, үйіне қонақ келгенде «сіздер жайланып отыра беріңіздер, қазір, міне, қазір» деп асүйіне шығып кететін жағдайларды көргенсіздік деп есептейтін. Үйіне қонақ шақырдың ба, бәрі дайын тұруы тиіс деген ұстаным ғой. Бір нәрсені қолға алғанда тез әрі жақсы жаса деп үйрететін, айналады шашпай, қобыратпай істе деуші еді», — деп еске алған Қаракөз ханым кейін анасына бәрі үшін рахметін де айтқанын тілге тиек етті. Ал мұндай тірліктерге өте икемді әйелдің үйінде әрдайым тазалық, жинақылық, тәртіп үстемдік құрып тұратыны ақиқат.

ÖNEGE

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

7

www.jasqazaq.kz

алдына түсіп, оның атак-дәрежесін пайдаланған жері жоқ. Себебі ол отағасы үнемі түзде, жауапты қызметтерде, ел алдында жүргендіктен ақ жағасына шан жұқтырмай, сол өссе, сол биіктей түссе екен деп, отбасының жылылығын сақтау, бала тәрбиелеу сынды ең манызды міндеттерге көбірек көңіл бөлді. Бірақ көштен де қалмады. Бойындағы өнерін орнымен қолдана білді. Тележүргізуші болып, кос әжеден, ата-анадан сіңген ұлағатына сүйеніп әйел тақырыбын да, медицина мәселесін де қозғады.

Енді, міне, ұясынан алған рухани тәрбиесін, мәдениет пен өнердегі жетістіктерін халықтың игілігі жолына жұмсағысы келеді. Сол үшін «Nur Otan» партиясының ішкі іріктеу сайлауына, яғни Праймеризге қатысуды шешті. Азаматтық үнін қосқысы келді. Сенімді өкілі — жары Досхан Жолжақсынов. Бұл долада үлкен қолдау көрсетіп отырған да сол азаматы.

«Елбасы Н.Назарбаев сайланбалы органдарда әйелдер қауымының үлесін арттыруды тапсырған еді. Бұл Тәуелсіз елімізді дамытуға үлес қосамын деген қыздарымызға үлкен мүмкіндік деп білемін», — деген Қаракөз Сүлейменова сайлауалды бағдарламасын да ұсынды. Ұраны: Ұлттық рух! Ұлағатты ұрпақ! Ұлы мемлекет!

Мақсаты — халқымыздың әлеуметтік жағдайының түзеліп, жақсы өмір сүруіне үлесін қосу. Бала күнінен ауылға бүйрегі бұрып тұратындықтан, бірінші кезекте, ауыл мәселесіне көңіл бөлігесі келеді. «Өкінішке қарай, ауылдағы халықтың дені қалаға жан бағу жолында үлере көшіп жатқаны тағы бар. Осы уақытқа дейін іске асып жатқан «Дипломмен ауылға», «Ауыл — ел бесігі» жобаларының ауқымын кеңейтіп,

жастарды тарту мәселесін жан-жақты қолға алуымыз керек. Инфрақұрылымның жөні бір бөлек, шаңай елді мекендерге үлкен спорт кешендері болмаса да, спорттық ойын алаңдарын, жастардың уақытын тиімді өткізуге арналған коворкинг, заманауи кітапханалар салып, интернеттің жағдайын жақсартып, жастарды жұмыспен қамту, олардың бастана мәселесін шешіп, баласын тегін балабақшаға орналастыруына мүмкіндіктер қарастыруымыз қажет. Әр ауылдан қалаға оқуға кеткен жастың туған жерін түлетуге оралуына жағдай жасауымыз тиіс. Әсіресе, ауыл шаруашылық, медицина, білім саласындағы кадрларды ауылға тарту мәселесі кезек күттірмеуі қажет. Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік, рухани алшақтықты тоқтатуымыз керек. Ауылды, елді асырайтын жастардың бәрі қалада бастанасыз, кредитке кіріп, құрылыс, басқа да қара жұмыста жан бағып жүр. Соның барлығы ауылдан сабылған жастар. Сондықтан ауылдық жерлердегі жұмыссыздық мәселесін шешіп,

бау-бақша, ет, балық, сүт өнімдерін өндіретін шағын фабрикалар, өндіріс ошақтарын ашып, жастарды жұмысқа орналастыруымыз қажет», — дейді ол.

Сондай-ақ билік пен халық арасын жақындатуға, еліміздің медициналық және білім беру әлеуетін арттыруға, руханият пен өнердің жана тынысының ашылуына мұрындық болып, көпбалалы және жалғызбалы аналардың мұнын мұндап, жоғын жоқтауға атсалыспақ.

«Қоғамдағы әйелдің рөлі, отбасы құндылықтары, қыз бен ұл тәрбиесін ертеден қолға алмасақ, жаһандану заманында ұлттық болмысымыздан айырылып қалу қаупі туады. Ең бірінші, қыз баланың тәрбиесі отбасынан бөлек, балабақшадан бастау алуы керек. Мектепте қыздарға арналған арнайы қосымша пән болуы тиіс. Ол пән қыздарымызды үлкен өмірге бейімдеуі керек. Сол кезде ғана біз ерте ана атану, баласын қоқысқа тастау, зорлық-зомбылық құрбаны болу сынды жағдайлардың алдын аламыз. Екінші, әйел қоғамды тәрбиелейді. Олардың еркіндігін қамтамасыз ету — біздің міндетіміз. Заманауи қоғамда сөйлеу еркіндігі, жұмысқа шығу құқы жоқ қыз-келіншектеріміз әлі де бар. Олардың жұмыс істеуіне, білім алуына, кәсібін ашып, іс бастауына үкімет қолдау таңыту керек. Ұлттық тәрбиемізден ала болмайық десек әжелер, аналар, келіндер институтының жұмысы құжат жүзінде емес, іс жүзінде жандануы қажет. Әйелдерді рухани қолдау, психологиялық көмек беру орталықтары көбейіп, сол бағытта танымдық телебағдарламалар, арнайы тұлғалармен кездесулер ұйымдастырып, әйелдерге бизнесті, қазір, міне, онлайн-сауданың қызған шағы, соны үйретуіміз қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен қоғам болып күресіп, бұл бағытта ерлермен де жұмыс жүргізілуі керек. Өкінішке қарай, бізде ер-азаматтардың санасымен жұмыс істемейді. Егер әйелдің ішкі арманы орындалып, қалаған жұмысын істеуге мүмкіндік болса, ол үй тіршілігіне де, баласын бағып, ерінің бабын табуға да үлгереді деп ойлаймын.

Менің әлеуметтік желіде 350 мыңнан астам оқырманым бар. Дені әйел қауымы. Күнделікті өте көп сұрақ аламын. Сондағысы әйелдердің жұмыссыздығы, зорлық-зомбылық көруі, рухани қолдауға зәру болуы сынды проблемалар. Жас қыздарымыз күйеуінің тілін тауып, бақытты өмір сүру жолдарын іздейді. Мұның бәрі бір қарағанда қарапайым сұрақтар болуы мүмкін, бірақ еліміздің ажырасу жағынан алғашқы орында тұруы ойландыратын мәселе. Сондықтан біз қыз балаларды да, ер балаларды да қоғам болып үлкен өмірге ерте жастан бейімдеуіміз қажет. Отбасы құндылықтарын насихаттайтын телебағдарламалар, кездесулер, онлайн-курстар, арнайы тәлім-тәрбие беретін порталдар керек. Көп қыз-келіншек ішкі күйзелістерін айтуға уақыды. Қазақта ұят қашанда күшті. Сондықтан олармен жұмыс істейтін сенім телефондары, медициналық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыда көмек беретін онлайн-платформалар құрылуы тиіс», — деген Қаракөз Асқарқызының өзге де көтеріп отырған өзекті мәселелері қолдауға лайық.

Бұған дейін де үнемі жүрген жерінде, әлеуметтік желілерде бала тәрбиесі, қазақ әйелінің болмысы мен қоғамдағы рөлі туралы жас келіндерге, қыз-келіншектерге насихаттап жүр. Сондықтан қолға алып отырған бүгінгі үлкен шаруасы оның қолынан келеді деп сенеміз.

Ендеше, сәттілік!

Нұржамал ӘЛШЕВА

ТАҒЫНАМ

Белгілі журналист, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ә.Ыдырысовтың туғанына 90 жыл толуына



оқыды. Біз бәріміз газетті дизайнерлік безендірудің құпияларын түсінуге тырыстық. Тақырып қызықты және киын болды, көптеген таныс емес терминдерді қабылдау қиынға түсті. Қолжетімді ұсынылған материал мен ұстазымыздың талаптарының арқасында топ емтиханды жақсы тапсырды. Оқу кезінде алған дағдылар біздің кәсіби қызметімізде көптеп қажетіне жарады», — деп есіне алды.

Әбілфайыздың әлемі

арналған салтанатты шара Әл Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде өтті. Халықаралық онлайн конференция «Бұқаралық ақпарат құралдарын және баспа өнімдерін безендіру өнерінің қазіргі мәселелері» атты тақырыпты қамтыды.

Конференция аясында кітапқұмарлар үшін адалдық сөресі кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ Ә.Ыдырысов атындағы оқу-өндірістік аудиториясы салтанатты түрде ашылды. Жиынға, ұстаздың

Ұлағатты ұстаз

«Таңшолпан» романының және 800-ден астам публицистикалық очерктер мен мақалалардың авторы. Оның қаламынан «Очерк журналистика жанры ретінде», «Қазақ журналистикасының тарихы», «Баспа басылымдарын безендіру» және басқа да пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді.

Ә.Ыдырысов өзінің еңбек жолын республикалық «Қазақстан пионері» балалар газетінің редакциясында әдеби қызметкер ретінде бастаған. Талантының арқасында бірнеше жылдан кейін ол асы баспа басылымының редакторы болды. Ол радиода, республикалық балалар жастар басылымдарында жұмыс істеді. Осы



Шәкірттерімен

ұлы, Қазақстанның Ұлыбритания, Исландия және Ирландиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерлан Ыдырысов, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Парламент депутаттары, дипломаттар, белгілі қоғам қайраткерлері, журналистер және ғалымдар мен студенттер қатысты.

Белгілі журналист және жазушы Бауыржан Жакып ұстазының алғашқы сабақтары жайында: «Біздің топта 50 адам



атаулы күнде өздерінің тәлімгері жайлы шәкірттері, ол өзінің көп жылдық тәжірибесін шәкірттеріне бере білді деп жылы лебізбен әрі ризашылықпен айтты.

Конференция соңында Әбілфайыз Ыдырысов атындағы стипендия тағайындалды, оны салтанатты түрде ұлы Ерлан үздік студенттерге табыс етті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

JAS QAZAQ ҒАЛЕРЕЯСЫ

Күз көріністері



Іле Алатауы



Фото: Павел МИХЕЕВ

ЕСКЕ ААҰ



Құдіретті Аллаға қайтты деген сөз. Қазақтың бұл дүниені жалған, ол дүниені шын дейтіні содан. Сол жалған дүниеөден бір жан өтті. Дін қайраткері Асылхан қажы Өмірзақұлының өмірлік жары Сәлиха Әбдүәліқызы 57 жасқа қараған шағында өмірден озды. Асылхан қажы Өмірзақұлын барша қазақ жақсы біледі. Қазақстанның ең алғашқы мүфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлының көзінде Алматы қаласының бас имамы әрі найф мүфти болып өлге қызмет өткен дін қайраткері. Өзі туған бір ауылдың өзінен 22 имам тәрбиелеп шығарған дін ұстазы. Сәлиха Әбдүәліқызы Асылхандай асыл азаматтың жары, отының басы, ошағының қасы еді.

Қара аспаннан бір жұлдыз сөнді. Қара жердің бір бүйірі бүлк етіп, қара топырақ бүрк етті. Алла берген азды-көпті ғұмыр. . Сәлиха анамыз біреуге бала, біреуге сүйікті жар, біреуге қамқор ана еді. Ол 1964 жылдың 20 наурыз күні киелі Қазығұрт топырағында, бұрынғы Коммунизм совхозының Қарабастау ауылдық округінде өмірге келген.

Алла өзі жаратқан пендесін қилы-қилы тағдыр беріп сынайды екен. Біреуді көл-көсір байлықпен, біреуді жоқшылықпен. Сәлиха Әбдүәліқызы әкесінен ерте айырылып, тағдырдың сынағына ерте ілінген жан. Жетімдіктің азабын бір кісідей тартты. Мектепте қанша үздік оқыса да, институтқа түсе алмады. Ауру, кәрі әжесін сеніп тапсыратын кімі бар? Анасы Бейсегұл Көлайқызы 26 жасында жесір қалып, үш қызын бағу үшін белін буып еңбек етті. Тағдыр деген сол. Бірақ білімнің институтына түспегенімен, өмірдің институтынан сүрінбей, бір өзі бір әулеттің анасына айналды.

Өткен ғасырдың өкпек жылдары. Өмірзақ әулетіне келін болып түскен күні-ақ топты бала-шағаның кір қоны, ас-ауқаты Сәлиха анамыздың мойнында болды. Қазақ әйелдеріне тән көнбіс мінезімен ауыр азап, жеңіл тозақтың бәрін басынан кешті. Жолдасы Асылхан қажы Бұқара мен Тәшкентте, Алматыда — жалпы 7 жыл діни білім алып жүргенде, арттағы бала-шағаның шырғасын шығармай, отын жағып, ордасын тіктеп отырған Сәлиха анамыз еді. Өмірден өтерінде Өмірзақ ақсақал да келініне қатты риза болып, батасын беріпті. Үлкеннің батасынан артық не бар? Сәлиха анамыз өзінің Зина әжесінің де ықыласына бөленген жан. «Жолдасын иманды, дін жолындағы адам болсын. Аяғын дүниенің төрт бұрышына жетсін. Ұлды, қызды бол!» деп бата береді екен. Үлкендердің батасы қабыл болған шығар? Сәлиха анамыз Мекке Мәдинаға барып, үш рет қажылық парызын өтеді. Шетелдің бірнеше қаласында болды. Америка мен Еуропаны аралады, Қытайдың бірнеше ірі шаһарында болды. Ел аралады, жер көрді.

Құдайға шүкір, жолдасы Асылхан қажы Өмірзақұлының да сыртқа шықса жағасын кірлетпей, ел алдында «Асылхан қажы», «Асеке» атандырған — Сәлиха анамыз. Алтын асықтай ұл, күміс қасықтай қыз өсіріп, сегіз баланы ел қатарына қосты. Бәрін оқытты, тоқытты, аяқтандырды. Ешкімнен кем қылған жоқ. Асекең елдің — азаматы. Үйдегі шаруа Сәлиха анамыздың мойнында. Соның бәрін тік тұрып көтерді. Кім ұл өсіріп, қыз тәрбиелемей жатыр дейсін? Бірақ мынадай алмағайып заманда иманды ұл, ибалы қыз өсіру — екiнiң бiрiнiң қолынан келмейдi. Балалардың бiрi — экономист-банкер, бiреуi зангер, бiреуi имам,

бiреуi қари... Әрқайсысы бiр-бiр саланың бiлiктi маманы. Ұл да, қыз да, келiн де намазын қаза қылмайтын тақуа жандар. Осының бәрi түздегi әкеден гөрi, үйдегi ананың еңбегi.

Сәлиха анамыз оттың басы, ошақтың қасындағы күлетек көп әйелдiң санатынан емес. Бармағынан бал тамған, қара судан сорпа дайындайтын шебер аспаз болатын. Дастарханы мол, көңiлi дархан жан едi. Оның қолынан дәм татпаған адам аз. Сол көл-дәрия көңiлiмен, ерекше өнерiмен ел ағаларының көзiне түстi.

Жетiмдiктiң азабын көп тартқан соң, кем-кетiкке, жетiм-жесiрге көмектесiп тұруды өзiне парыз санайтын. Ораза айында бiрнеше жүз адамға ас дайындап, бiр уақытта ауызашар беру сияқты сауапты, әрi жауапты игi iстердiң басында жүретiн. «Аштықта жеген құйқаның дәмi кетпес». Сәлиха анамыз да жоқшылықта көрген жақсылығын еш ұмытқан емес. Өзi айтатын әңгiме: бала күнiнде бес-он теңге берiп көмектесiп тұратын бiр қария болыпты. Кейiн, сол ақсақалға ауылға барған сайын он-жиырма мың теңге берiп, жақсылықты жақсылықпен қайтаруды өзiне парыз санаған. Бұл бiр ғана мысал. Мұндай қайырымды iстерiн санап

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



тауыса алмайсын. Әсiресе, жарлы-жақыбай, жетiм мен жесiрдiң қолтығынан демеу — Сәлиха анамыздың ең сүйiктi iсi едi. Марқұм көзi тiрiсiнде балаларына осындай үлгi көрсетiп, кiсiлiктiң ең үлкен қасиетiн бойларына сiңiрдi.

Данышпан Абай:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бiрақ қайтiп келiп, ойнап-күлмес» деген.

Иә, адам өлмейдi. Сәлиха Әбдүәлiқызы да өлген жоқ. Өмiрге келiп, ұрпақ сүйiп, адал жар, асыл ана атанды. Ен бастысы, туыс-туғанына ғана емес, айналасындағы жұртқа да жұғымды, елге сүйiкiмдi ғұмыр кештi. Қазақ «Көп жасағаннан емес, көптi көргеннен сұра» деген. Тегiн айтылмаған. Сәлиха анамыз да көп жасаған жоқ. Бiрақ көптi көрдi. Санаулы ғұмырын мәндi, мағыналы, ғибратты аяқтады. Жүзге келiп, айналасына шарапаты тимейтiндер бар. Сәлиха анамыз жүзге келмесе де, жүректен өшпейтiн саналы өмiр сүрдi. Өмiрiн өнегеге толы ғазиз Ана, иманың жолдас, жатқан жерiң жұмақ болсын!

Жарас КЕМЕЛЖАН

ҚЫЗЫЛА КИТАН



Шұбар күзен (лат. *Vormela peregusna*) – сусарлар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқоректі аң.

Дене тұрқы 27-35 см, құйрығы 11-20 см. Түсі шұбар, қара-сары дақты. Басы, төсі, бауыры, жауырыны, аяқтары қара қоңыр. Тұмсығы қысқа, құлағы үлкен дөңгелектеу. Еліміздің оңтүстігінде таралған. Дала, шөл, шөлейт аймақтарды мекендейді. Әр түрлі індет тарататын кемірушілермен, құстармен, олардың жұмыртқасымен қоректенеді. Кейінгі кезде тың жерлерді жыртып, кеміргіштермен күресу үшін улы химикаттарды көп қолданғандықтан шұбар күзен азайып кетті. Сол себепті қорғауға алынып, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2227;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзегін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.